



«БЕКТЕМ»
лицей-интернаты

К.Е.Т.леумагамбетова

№1 педагогикалық кеңесте қаралды



**Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-
математикалық лицей-интернатының
2022-2023 оқу жылына арналған
тәрбие жұмысының жылдық жоспары**

Түсінік хат

Адам бойындағы игі қасиет мектеп табалдырығында қаланады. Мектеп ғасыр талабымен үндес дамиды. Сондықтан жаңаша дүниетанымдағы өмірге жаңаша көзқараспен қарайтын болашақ адамды тәрбиелеу – мектептің ең бірінші міндеті. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – мектеп оқушыларын тәрбиелеудегі негізгі қуат көзі, оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы, сонымен қатар өз қызметкерлерінің шығармашылығын, іс- тәжірибесін дамытуға ынталандырушы менеджер. Сондықтан оқу- тәрбие үдересінде инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен енгізе отырып, оқушылардың рухани-интеллектуалдық деңгейін дамытудың маңызы зор.

Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернатының 2022-2023 оқу жылында арналған жылдық тәрбие жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

ТӘЖІРИБЕҢІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тәрбие күрделі де, ұзақ мерзімді қажет ететін процесс. Ал, сыныптан тыс шараларды қызықты да, нәтижелі ұйымдастыра білу одан күрделі мәселе. Тәрбие жұмысындағы бағдарламалардан алға қойған мақсаты – Қазақстан Республикасының жан – жақты дамыған жеке тұлғасын қалыптастыру

Тәрбиенің мақсаты: рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Тәрбиенің міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- 2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
- 3) Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;
- 4) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу; мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;
- 5) әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- 6) тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды; экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану;
- 7) бала тәрбиесі саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;

8) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерін құру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Төтенше жағдайға сәйкес қашықтықтан тәрбие жұмысын ұйымдастырудың орны ерекше.

Білім алушының жас ерекшелігіне қарай тәрбие жұмыстарының түрлерін таңдау, жұмыстану, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету үшін интернет ресурстарының сүйемелдеуімен онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған вебинар формаларында жұмыстарды ұйымдастыру жоспарланды.

ИНТЕРНЕТ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ:

Тәрбие жұмыстары түрлі мессенджерлер арқылы (Zoom, BilimLand, Google Classroom, Skype, электронды пошталар, мектеп сайты, ютуб каналы, WhatsApp платформалары арқылы жүзеге асырылады.

ТӘРБИЕ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖОСПАР-КЕСТЕСІ (тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың басым бағыттарына сәйкес)

Әрбір бағыт «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қоғамдық санасын жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға деген тиімді және эмоционалдық қарым-қатынас, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратын мемлекет пен қоғамның заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар, патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезім, тұлғалық еркіндік құндылығын; адамаралық және топаралық төзімділік құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеу; меншік пен материалдық молшылық құндылығын; еңбекті құрметтеу; өмірге деген құрмет сезімін; түрлі кемсітушілікке жол бермеу; адамдардың теңдік құқығы идеясының принципіін қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының бұл бағытын орындау аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2022-2023 оқу жылында «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясын, «Тарих тағылымы» мен «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік 26 жобаларын, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» («Қазақстанның киелі географиясы») жобасын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асыруды жалғастыру қажет.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Осы жоба шеңберінде білім беру ұйымдарында заманауи әдістемелер негізінде білім беру және тәжірибеге бағдарланған ішараларды өткізу жоспарлануда.

Мектеп пен ата-аналар балаларды қоғамға жат мінез-құлықтан бас тарту мәдениетіне тәрбиелеуі керек.

«Психологиялық қызметті және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» жобасын іске асыру педагогтерге «Тәуекел тобындағы» балаларды анықтауға және оларға уақыттылы көмек көрсетуге көмектеседі.

2020 жылы Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген «Әдепті адам – әдемі адам» тақырыбындағы әдістемелік ұсынымды пайдалану маңызды: балалар мен жасөспірімдер арасында бейәлеуметтік құбылыстардың, нашарлықтың, темекі шегудің және маскүнемдіктің алдын алуды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымды қолдану маңызды.

Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас қалыптастыру.

Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасын – «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға кеңінен қатыстыру қажет. 2021-2022 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы барлық өңірде біртіндеп енгізіледі.

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этникалық топтарына құрмет көрсету.

Жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра отырып «Дәстүр мен ғұрып» жобасы іске асырылатын болады. Аталған бағыт шеңберінде: «Менің Отаным – Қазақстан» (балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту, экспедициялар, саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру), «Тарих мұрасы», «Өз жерінді таны» (өлкетанулық білімі мен мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты жандандыру, туған өлкенің тарихын, мәдениетін, дәстүрін терең зерттеу) «Табиғатым – тал бесігім» (туған жерге жауапкершілікпен, аялап қарау) жобаларын жүзеге асыруды жалғастыру маңызды.

Отбасылық тәрбие

Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру: отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туыскандық, денсаулыққа қамқорлық, денсаулық сабақтастығы, сүйіспеншілік «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебін» құру ұсынылады. Бұл мектептерді құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру.

«Отбасы – мектеп» жобасы отбасының тәрбиелік әлеуетін, білім беру ұйымдарында білім алушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасын үйлестіру және отбасылық тәрбиені жақсарту үшін педагогтердің әлеуетін арттыруға бағытталған.

Оқушылар «Ауылдағы 2 апта», «Ата-анамыздың жұмыс орнындағы он күн» жобалары аясында өздерінің жан-жақты дамуы мен шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра алады (НЗМ тәжірибесі бойынша). Ата-аналардың, қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен «Мектептегі бір күн» жобасын іске асыру ата-аналардың қажеттіліктерін, сұраныстарын, отбасылық ерекшеліктері мен отбасылық тәрбиесі ескеріледі, ата-аналарды мектептің, сыныптың, өз баласының істеріне жұмылдыруға, білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойынша шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді.

«Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде өзінің кәсібі саласында айтарлықтай негіжелерге қол жеткізген табысты адамдардың өмірі мен қызметі жайында таныстырылады, білім алушылар арасында кәсіптік бағдарлау жұмысы жүргізіледі, еңбектің құндылығы жаңа деңгейге көтеріледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының қолдауымен 9 негізгі сала: мұнай-газ, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, машина жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, энергетика, туризм, тау-кен металлургия кешені және құрылыс бойынша іске асырылатын «Еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа кәсіптер мен қызығаттардың ағласы» ұлттық жобасы әзірленді.

Кәсібі бағдар беру жұмысын дұрыс ұйымдастыру мақсатында: - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 150 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсібі бағдарын анықтау және диагностикасын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды Білім беру ұйымдарында 6-11 -сыныптар аралығында экология бойынша сынып сағаттарын айына бір рет өткізу тәжірибесі езекті болып кала береді.

«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында тәрбиелік ішаралар кешенін іске асыру экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға ықпал етеді.

Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізін білім беру ұйымдарының, ауданның, қаланың аумақтарын қалғандандыру және абағтандыру бойынша сенбіліктер, «Жасыл ел» қозғалысы шеңберінде жасыл желектер отырғызу, еріктілер қозғалысы, табиғи аймақтарды қоқыстан тазарту құрайды.

Полимәдени және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: мінез-құлықтың жалпы мәдени дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. Эстетикалық сана-сезім, эстетикалық талғам мен сезім, қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау.

Мектептегі көп мәдениетті тәрбие басқа мәдениеттердің, ұлттардың, діни сенім және т. б. өкілдеріне толерантты көзқарасты қалыптастыруға бағытталуы керек. Көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, музыкалық шығармаларды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту ұсынылады. Өскеден ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында әр мектепте «Балалар және театр» ағартушылық жобасын жүзеге асыру маңызды.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: әр тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, білімнің құндылығын, білімнің құндылығын, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениеттің дамытуы қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру. Зияткерлік тәрбие білім құндылығын; зияткерлік ұстанымды; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет мен кибергиенаны қалыптастырады.

Зияткерлік тәрбие лингвистикалық, музыкалық, математикалық, кеңістіктік, дене-кинетикалық, тұлғааралық, тұлға ішіндегі зияткерлікті дамытуға бағытталуы керек. Білім алушылардың бойында эмоционалды зияткерлікті қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық ретінде «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ көмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында педагогтерге арнап әзірленген әдістемелік құрал ұсынылады. «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі езекті болып қалауда.

Отбасы мен мектептің ынтымақтастықтағы қызметі «Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңы аясында зорлық-зомбылықты, суицидті насихаттайтын интернет желісіндегі белгілі бір сайттарға балалардың қол жеткізуін бақылауды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Жалпы білім беру ұйымдарының тәрбие жұмыстарының жоспарына кибермәдениет және кибергиенаны, оның ішінде білім алушылардың кибер қауіпсіздігі мен ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды қосу қажет.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау үшін кеңістік құру. Орта білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлері (футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, футбол, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғызқұмалақ, қазақ күресі) бойынша мектептік спорт лигалар желісі мен спорт секцияларын кеңейту маңызды. Ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша ұлттық спорт лигаларын, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша оқушылар спартакиадасын дамыту қажет.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, нашакорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, АИТ/ЖИТС-тің алдын алу және салауатты өмір салтының негіздері бойынша семинар-тренингтер өткізу тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі.

№	Бағыттар	Іс-шаралар	Мерзімі	Өткізу формасы	Жауаптылар
ҚЫРКҮЙЕК					
<p>ҚР Конституциясына 27 жыл 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары 5 қыркүйек-Тілдер күні</p>					
1	<p>Ұйымдастыру шаралары және талдау – диагностикалау</p>	<p>1. Құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын-алу кенесінің жоспарын құру, бекіту. 2. Оқушылар туралы мәліметтерді жаңарту, жаңадан келген оқушылар туралы ақпараттар жинақтау 3. Қамқоршылық кеңесін, «Әкелер» кеңесінің құрамын қайта құру 4. «Қоғамға қызмет» волонтерлық әлеуметтік жобасын іске асыру 5. «Жаңа оқу жылындағы оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» ата-аналар жиналысы (онлайн) 6. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымын қайта құру.</p>		<p>Құжаттарды рәсімдеу Жадынамалар тарату</p>	<p>ТІЖО Мектеп психологы</p>
2	<p>Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;</p>	<p>1. «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық» бірінші сынып сағаттары 2. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының құрамын жаңарту, жоспарын бекіту 3. «Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл» тілдер мерекесі 4. «Мен өмірге құштармын»</p>		<p>Тәрбие сағаттары Құттықтаулар Челлендж Тренинг</p>	<p>Сынып тәрбиешілері Тілдер және қоғамдық ғылымдар бірлестігі Мектеп психологі</p>
3	<p>Рухани – адамгершілік тәрбие</p>	<p>6. «ҚР Рәміздерінің 30 жылдығы» 7. «Құқықтық сауаттылық заман талабы» 8. «Адалдық-адамдықтың белгісі»</p>		<p>сыныптан тыс шара сыныптан тыс шара сыныптан тыс шара</p>	<p>Г. Оралбаева А. Кушекбаева А. Карасаева</p>
3	<p>Рухани – адамгершілік тәрбие</p>	<p>1. «Мектепке жол» 2. «Имандылық адамгершілік пен ізгілік тірегі» 3. Дінмұхамед Қонаевтың туғанына 110 жыл</p>		<p>акция сыныптан тыс шара сыныптан тыс шара</p>	<p>Әлеуметтік педагог Г. Елманова З. Бекмағанбетова</p>

4	Отбасы тәрбиесі	1. Отбасы күні. «Өнегелі отбасы - қоғам байлығы» ақпараттық коллаж, бейнеролик 6 кластың ата-аналарына жиналыс			Жиналыс	ДТЖО А. Карасаева	Мектеп психологі
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	1. Кәсіптік бағдар беру 2. «Экология және біз»			ЖОО байланыс сыныптан тыс шара	Р. Туреханова К. Нугманова	
6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.	1. «Балалар және театр» ағартушылық жобасын іске асыру 2. «Жаңа есім»			Театрға экскурсия жаттығуы	Т. Алдонгарова М. Истигулова	
7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы 2. «Кітапхана әлеміне саяхат»			Кітапханаға саяхат экскурсия	Б. Айетова А. Жұбанова	
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	3. «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» 4. «Зиянды заттар (темекі және оны алмастырушы заттар) және олардың алдын алу»			сыныптан тыс шара Ақпараттық лекция	Е. Хайрулла ДТЖО	

ҚАЗАН

1 қазан – Қарттар күні
5 қазан- Мұғалімдер күні
11 қазан-Халықаралық қыздар күні

1.	Ұйымдастыру шаралары және талдау - диагностикалау	1. 6 класс оқушыларының оқу мотивациясын анықтауға бағытталған сауалнама 2. Діни тәлім-тәрбие алатын оқушылар туралы мәлімет жинақтау 3. «Мейірім» волонтерлар клубын құру, жоспар бекіту			Құжаттар жинақтау	ДТЖО мектеп психологы	
2	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;	1. «Менің құқықтарым» 2. «Адал ұрпақ – елдің болашағы» 3. «Мен және менің полицейім»			Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара	А. Карасаева Т. Алдонгарова Р. Туреханова	

3	Рухани –адамгершілік тәрбие (діни тәрбие)	1. «Қыз қылығымен көрікті» 2. «Имандылық асыл қасиет» 3. «Дін-тәрбиенің рухани тірегі»	Сырласу сағаты (Қыздар жиналысы) Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара	Мектеп дәрігері. Қыздар клубының жетекшісі А.Кушекбаева Б.Айетова
4	Ұлттық тәрбие	1. Ақын ,аудармашы,философ,саяси қайраткер-Абай Құнанбаевтың 45 қара сөзіне шолу.		А.Жұбанова
5	Отбасы тәрбиесі	«Әкелер кеңесімен бірлескен жұмыс» «Орта буынды ортаға бейімдеу» 6 сынып бейімдеу жұмыстары	сыныптан тыс шара «Идеалды үй» тренинг	3.Бекмаганбетова М.Истигулова
6	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Кәсіптік бағдар беру жұмысы	ЖОО кездесу	Е.Хайрулла
7	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.	1.«Ұстазыма, мың алғыс!» челлендж 2. Роза Бағланованың туғанына 100 жыл	Мерекелік құттықтау бейнеролик сыныптан тыс шара	Сынып тәрбиешілері Г.Елманова
8	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	1.«Оқуға құштар мектеп» жобасы 2. «Эмоция бояулары»	С.Бәйшев атындағы облыстық балалар кітапханасымен байланыс	К.Нугманова М.Истигулова
9	Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі	1. Ерте жүктіліктің алдын-алу 2. «Нашақорлыққа жол жоқ!»	Кенес беру сыныптан тыс шара	Мектеп дәрігері Г.Оралбаева
ҚАРАША				
15 қараша-Ұлттық валюта күні				
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу,	1. «Жемқорлықсыз болашақ» 2. «Әлімжеттікке жол жоқ!»	сыныптан тыс шара сыныптан тыс шара	Г.Оралбаева К.Нугманова

	құқықтық тәрбие;	3. Мұхтар Әуезовке 125 жыл 4. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл 5. Сапура Мәтенқызы туралы 6. «Мен және менің құқығым» 7. «Қауіпсіз өмір-қауіпсіз интернет»	сыныптан тыс шара сыныптан тыс шара сыныптан тыс шара сауалнама тренинг	Е.Хайрулла Б.Айетова Т.Алдонгарова М.Истигулова М.Истигулова
2	Рухани –адамгершілік тәрбие (діни тәрбие)	1.«Діни экстремизмнің алдын алу» 2.«Өмір сабақтары»	Ақпараттық сағат	З.Бекмаганбетова
3	Ұлттық тәрбие	1. Түлектермен кездесу 2. «Өз жерінді таны» жобалар жарысы	Кездесу Жоба	М.Истигулова Педагог-ұйымдастырушы
4	Отбасы тәрбиесі	1.Ата-анамның жұмыс орнында І тоқсанның қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы	Жоба	Педагог-ұйымдастырушы
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттырудағы кітапхананың ролі. «Кітапты сүйіндер, ол өмірді нұрландырады» тақырыбында оқушыларға баяндама оқу.	Баяндама	ДТЖО Сынып тәрбиешілері А.Жұбанова
6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.	«Театр мамандықтарымен танысу» театр әртістерімен кездесу	Кездесу	А.Карасаева
7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Оқуға құштар мектеп жобасы»	Кітапханаларға саяхат	Г.Елманова Р.Туреханова
8	Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі	«Денсаулығын өз қолыңда!»	сыныптан тыс шара	А.Кушекбаева

ЖЕЛТОҚСАН

1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС/АИТВ-пен күрес күні
 9 желтоқсан-Халықаралық жемқорлықпен күрес күні
 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздік күні
 Жана жылдық мерекелер

	Жана қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;	1. Психологиялық акция «Күпия дос» 2.«Заң мен заман» 3. Қазыбек бидің 355 жылдығы 4. «Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам-жарқын болашақ»	Акция	Мектеп психологі
2	Рухани-адамгершілік тәрбие	1. «Дін және жастар» 2. «Дін-тәрбие дінгегі» 3. «Күпия дос»	Дөнгелек үстел Сыныптан тыс шара акциясы	Е.Хайрулла Т.Алдонгарова М.Истигулова
3	Ұлттық тәрбие	«Менің Отаным-Қазақстан» өлкетануды дамыту	Жоба	География пәнінің мұғалімі
4	Отбасылық тәрбие; ұлттық тәрбие	1.Отбасылық психологиялық қарым-қатынас II тоқсанның қортындысы бойынша ата-аналар жиналысы 2.Әжелер кенесімен бірлескен жұмыс	Бейнежазбалар тарату Жиналыс	Мектеп психологі ДТЖО Сынып тәрбиешілері
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	1. «Игі істер апталығы»	Сыныптан тыс шара Акция	А.Кушекбаева «Мейірім» волонтер клубының жетекшісі

6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.	1.«Театр және балалар жобасы»	Сыныптан тыс шара	Г.Оралбаева
7	Зияткерлік тәрбие	1.«Жастарда патриоттық рух бар ма?» пікір-сайыс 2.«Оқуға құштар мектеп» жобасы	Пікір-талас Кітапханаларға саяхат	Дебат клубының жетекшісі З.Бекмағанбетова
8	Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі	1. «Жасөспірім және зиянды заттардың зардабы» 2. «Зиянды заттардан аулақ болайық!»	Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара	Г.Елманова А.Карасаева
ҚАҢТАР				
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;	1. «Оқушылардың төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен сақтық шараларын ұстануы» 2. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» 3. «Зандылық және құқықтық тәрбие» 4. Құқықбұзушылықтың алдын алу 5. Сыбайлас жемқорлық және қоғам	Ақпараттық-танымдық сағаттар Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара	ДТЖО ИДН инспекторы Г.Елманова Е.Хайрулла З.Бекмағанбетова Б.Айетова
2	Рухани –адамгершілік тәрбие	1. Теріс діни ағымдардың алдын алу	Сыныптан тыс шара	Р.Туреханова
3	Ұлттық тәрбие	«Ұлттың ұлы ұсақталмасын» ұл бала тәрбиесі	кездесу	Ұлдар клубының жетекшісі
4	Отбасы тәрбиесі	Әкелер кеңесімен біріккен жұмыс	Сыныптан тыс шара	А.Карасаева
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Болашаққа саяхат» Кәсіптік бағдар беру	кәсіби бағдар ЖОО байланыс	М.Истигулова Г.Оралбаева К.Нугманова

6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.	1. «Үлкен ел – Үлкен отбасы»		Танымдық сағат (Көп балалы, ата-әжесімен тұратын отбасылармен)	ДТҰЖО
7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Мектеп бітіруші түлек, заманға лайық мамандық тандай білесіз бе?» «Оқуға құштар мектеп жобасы»		сауалнама Кітапханаға саяхат	А.Жұбанова А.Кушекбаева
8	Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі	1.«Тұмау вирусының түрлері» ақпараттық танымдық сағат 2. «Есірткісіз әлем»		Дәріс сабақ Сыныптан тыс шара	Медбике Т.Алдонгарова
Ақпан					
14-ақпан Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылуы Қазақтың лирик ақыны М.Мақатаевтың туғанына -91 жыл					
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;	1.«Ауғанның асуында от кешкендер» ардагерлерімен кездесу 3.«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»		Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу Сыныптан тыс шара	АӘД пәні мұғалімі Р.Туреханова
2	Рухани –адамгершілік тәрбие (діни тәрбие)	Имандылық рухани қазынамыз 4 ақпан – ақын, драматург, әдебиет зерттеуші ғалым Әбділда Тәжібаевтың туғанына – 114 жыл (1909 - 1998).		Сыныптан тыс шара	А.Карасаева А.Жұбанова
3	Ұлттық тәрбие	1. «Ою-өрнек Party» этномәдени фестивалі		этномәдени фестивалі	ДТҰЖО
4	Отбасы тәрбиесі	Әкелер кеңесімен бірлескен жұмыс Әкелер кеңесімен бірлескен жұмыс		Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара	К.Нугманова Б.Айетова
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Занды білу заман талабы»		Сыныптан тыс шара	Т.Алдонгарова
6	Көпмәдениетті және көркем-	«Театр және балалар» жобасы		Сыныптан тыс шара	Е.Хайруллин

	эстетикалық тәрбие	«Театр және балалар» жобасы		Сыныптан тыс шара	А.Кушекбаева
		«Театр және балалар» жобасы		Сыныптан тыс шара	Г.Елманова
7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	Тәрбиелік деңгейін анықтау «Капустин әдістемесі»			М.Истигулова
		«Оқуға құштар мектеп» жобасы		Кітапханаға саяхат	Г.Оралбаева
8	Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі	«Қызықты қыс» спорттық ойындар		Жарыстар ұйымдастыру	Денешынықтыру пәні мұғалімдері
		Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл		Сыныптан тыс шара	З.Бекмаганбетова

НАУРЫЗ

- 1 Наурыз- Алғыс айту күні
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
14 наурыз – Көрісу күніне орай
15 наурыз-Дүниежүзілік тұтынушылар күні
22 наурыз- Ұлыстың ұлы күні
27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;	1. «Адалдық пен әділдік» 3. «Өлімжеттік әдепсіздік пе? әдет пе?» 4. «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» 5. «Жемқорлықпен күресу басты міндетіміз»		Сыныптан тыс шара	А.Кушекбаева
				Сыныптан тыс шара	Г.Елманова
				Сыныптан тыс шара	Р.Туреханова
				Сыныптан тыс шара	Е.Хайрулла
2	Рухани –адамгершілік тәрбие (діни тәрбие)	1.Алғыс айту күні «Қазақстан- менің Отаным» басқа ұлт өкілдерімен кездесу. 2. «Дін-рухани үйлесім негізі»		Кездесу	ДТЖО
				Аңсар орталығы мамандарымен кездесу	К.Нугманова
3	Ұлттық тәрбие	1."Ақтөбедегі этномәдени бірлестіктердің тарихы" 2."Алғысым шексіз ұстазыма" 3. «Өлем бесігін тербететін жан-Ана!» мерекелік думан		Спорттық жарыс, Қайырымдылық шарасы	Педагог-ұйымдастырушы

		4. «Наурыз-думан-2022»						
4	Отбасы тәрбиесі	«Менің әкем СУПЕРМЕН...» байқау			Байқау	Педагог-ұйымдастырушы Әжелер кеңесі		
		«Жасерекшелік психологиясы»			«Отбасы құндылығы» тренинг	М.Истигулова		
		Әжелер кеңесімен бірлескен жұмыс			Сыныптан тыс шара	Г.Оралбаева		
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Кәсіптік бағдар беру			Сынып сағаты	З.Бекмаганбетова		
		Кәсіптік бағдар беру			ЖОО байланыс	Т.Алдонгарова		
6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	1. "Алғысқа бөлену - шаттыққа кенелу" 2. «Ана өмірдің гүлі, Қыз өмірдің көркі» шебер класс 3. «Арулар асыл жандар» ұлдардың креативті құттықтауы			Батыр аналармен кездесу Бейнероликтер түсіру	«Сырғалым» қыздар клубы Сынып тәрбиешілері Өзін-өзі басқару ұйымы		
7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	2. «Бірліктің белгісі, татулықтың таңбасы» (14 наурыз – Көрісу күніне орай)			Пікір- талас (11 класс)	Дебат клубының жетекшісі		
		3. «Оқуға құштар мектеп» жобасы			Кітапханаға саяхат	А.Карасаева		
8	Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі	2. Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша «Біз біргеміз!» үгіт бригадасы			Жағтығу	Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері		
СӘУІР								
4 -сәуір - Халықаралық интернет күні								
7-сәуір - Дүниежүзілік денсаулық сақтау күні								
12 сәуір – Ғылым күні, ғарышкерлер күні								
22 сәуір - Халықаралық жер күні								

1	Жана қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;	1.«Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!» 6-7 кл 2. «Туған жерге тағзым», «Ұлы дала мұрагерлері» экспедициясы 9-10 класс. 3. «Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті» 4. «Мен және менің полицейім»	Түсіндіру Саяхаттау («Ауыл өмірі», «Қала өмірі») Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара	ИДН ДТЖО Тарих пәнінің мұғалімдері З.Бекмаганбетова. К.Нугманова
2	Рухани –адамгершілік тәрбие (діни тәрбие)	1.«Капитан» тренинг 2.«Позитивті ойлау» тренинг 4. «Дін мен дәстүр сабақтастығы»	Тренинг Сыныптан тыс шара	Мектеп психологі Г.Оралбаева
3	Ұлттық тәрбие	«Ұлттық ойын – асыл мұрамыз»	Ұлттық ойындар	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
4	Отбасы тәрбиесі	1. «Әкелер кеңесімен бірлескен жұмыс» 2. «Әкелер кеңесімен бірлескен жұмыс» 3. III тоқсанның қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы	Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара Жиналыс	Г.Елманова Е.Хайрулла ДТЖО Сынып тәрбиешілері
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	1. Кәсіптік бағдар беру 2.«Ата-анамның жұмысындағы бір күн» 3.«Ата-анамның жұмысындағы бір күн»	ЖОО байланыс Сыныптан тыс шара Сыныптан тыс шара	Б.Айетова А.Карасаева А.Кушекбаева
6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	1. «Театр және балалар» жобасы 5 мамыр – ақын, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтің туғанына – 129 жыл (1894-1938)	экскурсия	Р.Туреханова
7	Зияткерлік тәрбие	1.«Менің бойымдағы көшбасшылық» 2.«Оқуға құштар мектеп» жобасы	Дөңгелек үстел Кітапханаға саяхат	ДТЖО Т.Алдонгарова

8	Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі	1 «Деніңнің саулығы – өзіңнің қолыңда» 6-9 кл	акция	Медбике
МАМЫР				
<p>1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр - Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 25 мамыр – Соңғы қоңырау салтанаты 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні</p>				
1	Жана қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;	<ol style="list-style-type: none"> «Ұсақ құқықбұзушылық ұғымы» Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары 	Сыныптан тыс шара	Г. Оралбаева
2	Рухани –адамгершілік тәрбие (діни тәрбие)	<ol style="list-style-type: none"> «Дін мен қоғам» Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне іс-шара 	Сынып сағаты	А. Кушекбаева
3	Ұлттық тәрбие		Түсіндіру жұмысы	ИДН
4	Отбасы тәрбиесі	<ol style="list-style-type: none"> Әкелер кеңесімен бірлескен жұмыс Әкелер кеңесімен бірлескен жұмыс Оқу жылын қорытындылауға арналған ата-аналар жиналысы 	Сыныптан тыс шара	Т. Алдонгарова
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	<ol style="list-style-type: none"> «Кәсіптік бағдар беру» «Театр және балалар» жобасы «Театр және балалар» жобасы «Театр және балалар» жобасы 	Сыныптан тыс шара	Р. Туреханова
6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.		Жиналыс	ДТЖО Сынып тәрбиешілері
			ЖОО байланыс	Г. Елманова
			Сыныптан тыс шара	К. Нугманова
			Сыныптан тыс шара	З. Бекмаганбетова
			Сыныптан тыс шара	Б. Айетова

7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы		Кітапханаға саяхат	Е.Хайрулла
8	Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі	«Таза ауа-жанға дауа»		Сыныптан тыс шара	А.Карасаева